

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі N 162 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.07. N 175 Заңымен,
МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органда", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздер "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органда", "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.05.25. N 553 Заңымен .

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен қоршаған ортаның соларда орналасқан экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды объектілері Қазақстан Республикасының ұлттық байлығы болып табылады.

Осы Заң ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұғымы

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар - ерекше құқықтық қорғау режимі бар не мемлекеттік табиғи-қорық қорын сақтау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін шаруашылық қызметі режимімен реттелетін жер, су, орман және жер қойнауы учаскелері.

2-бап. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры

1. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры - қоршаған ортаның генетикалық резервтегі табиғи эталондар, уникумдар мен реликттер, ғылыми зерттеулер, ағарту, білім беру ісі, туризм және рекреация мәні ретінде экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды мемлекеттік қорғауға алынған объектілерінің жиынтығы.

2 . < * >

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 , 2001.01.23. N 151 Заңдарымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдары

1. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдары мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау мен қалпына келтіру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру мен ұтымды пайдалану, осы салада заңдылықты нығайту мақсатымен қоғамдық қатынастарды р е т т е й д і .

2. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан, осы Заңнан, басқа да заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

4-бап. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарының принциптері

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдары мынадай принциптерге негізделеді:

мемлекеттік табиғи-қорық қорын, биологиялық алуан түрлілікті және табиғи экологиялық жүйелерді сақтау;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды нысаналы пайдалану; ғылымды, мәдениетті, ағарту мен білім беру ісін дамыту мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұтымды пайдалану;

әлеуметтік-экономикалық факторларды және жергілікті халықтың мүдделерін ескере отырып, туризм мен рекреацияны дамыту;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану және қорғау жөніндегі шараларды мемлекеттік қолдау;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік реттеу мен бақылау;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ақы төлеп пайдалану; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзушылықпен келтірген залалды өтеу;

халықтың және қоғамдық бірлестіктердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласына қатысуы;

мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі туралы ақпаратпен еркін танысу; халықаралық құқық негізіндегі халықаралық ынтымақтастық.

5-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға меншік

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік меншікте болады.

Мемлекеттік табиғи-қорық қорының жер учаскелері және оларда орналасқан объектілері жекешелендіруге жатпайды.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

2 тарау. Азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы құқықтары мен міндеттері

6-бап. Азаматтардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Азаматтардың:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды белгіленген тәртіппен пайдалануға, мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау және қалпына келтіру жөніндегі ш а р а л а р ғ а қ а т ы с у ғ а ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қоғамдық бірлестіктері мен қоғамдық қорларын құруға ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру жөнінде ұсыныстар енгізуге; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша қоғамдық сараптамаға қ а т ы с у ғ а ;

мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері жөнінде хат, шағым, арыз жазуға және ұсыныстар жасауға, олардың қаралуын талап етуге құқығы бар.

2. Азаматтар табиғатты қорғауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды сақтауға міндетті.

3. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында, егер Конституцияда, заңдарда және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құқықтарды пайдаланады және солар сияқты міндетті болады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

7-бап. Қоғамдық бірлестіктердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Қоғамдық бірлестіктердің:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша бағдарламаларды әзірлеп, насихаттауға, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оларды қорық ісі саласындағы белсенді қызметке ерікті негізде тартуға;

уәкілетті органдарға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, қабылдау туралы ұсыныстар е н г і з у ғ е ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту мен орналастыру

бағдарламаларын, оларды құру жөніндегі негіздемелер әзірлеу ісінде ұсыныстар енгізіп, оған қатысуға;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша мемлекеттік сараптамалар жүргізуді талап етуге және қоғамдық сараптама жүргізуге;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау, қалпына келтіру мен пайдалану жөніндегі жұмыстарға белгіленген тәртіппен қатысуға;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қоғамдық қорларын құруға; мемлекеттік органдар мен ұйымдардан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен алуға;

айыпты ұйымдарды, лауазымды адамдар мен азаматтарды жауапқа тарту туралы мәселелер қоюға, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзу салдарынан азаматтарға келтірілген зиянды өтеу жөнінде сотқа талап-арыз беруіне;

өздерінің заңдарда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген басқа да құқықтарын белгіленген тәртіппен іске асыруға құқығы бар.

2. Қоғамдық бірлестіктер ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151, 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

3 тарау. Мемлекеттік өкімет органдарының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы құзыреті

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында:

біртұтас мемлекеттік саясаттың негізгі ережелерін, оны жүзеге асырудың стратегиялық және тактикалық шараларын әзірлейді;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды, олардың Қазақстан Республикасының заңдарын, Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын қамтамасыз етеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органды белгілейді; < * >

республикалық және халықаралық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекітеді;

жерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатқызудың және ерекше

қорғалатын табиғи аумақтар құру үшін жер резервін жасаудың тәртібін белгілейді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытудың бағдарламаларын бекітеді;

республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастырады;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы бейтарап үй-жайларды, ғимараттар мен объектілерді бұзудың (көшірудің), барлық санаттағы жердің есебінен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және оларды кеңейту үшін жер учаскелерін алып қоюдың (сатып алудың), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды ғылыми, туристік және рекреациялық қызмет үшін жалға берудің тәртібін белгілейді;

осы Заңға сәйкес осы аумақтарды пайдаланғаны және олар көрсететін қызметтер үшін ақы алудың тәртібі мен шарттарын белгілейді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрын жүргізу тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 , 2004.05.25. N 553 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

9-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган: ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді;

қорық ісі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебін және мемлекеттік кадастрын, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу жөніндегі әдістемелерді бекітеді;

республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру жөнінде жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелер әзірлеуді ұйымдастырады және оларды мемлекеттік экологиялық сараптамаға

ж і б е р е д і ;

өзінің қарауындағы мемлекеттік мекемелер нысанында құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы жеке ережелерді бекітеді;
ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын тіркейді;
өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;
ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 , өзгерту енгізілді - 2004.05.25. N 553 Заңдарымен.

10-бап. Қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар өзге де орталық атқарушы органдардың құзыреті

Қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар өзге де орталық атқарушы органдар :

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуді ұйымдастырады, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді және оларды ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып, өздерінің қарауындағы мемлекеттік мекеме нысанында құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы жеке ережелерді бекітеді, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын жасайды және тіркеуге жібереді;

өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

өздерінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебін және мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысады;

мынадай жағдайларда :

қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар өзге де мемлекеттік органдар бекіткен тексерулердің жоспарларына сәйкес;

жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша;
жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарында жазылған расталған фактілер бойынша ;

жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы күзет қызметін құрады және мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында халықаралық
ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.05.25.
N 553 , 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
Заңдарымен.

**11-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың,
астананың) жергілікті өкілді және атқарушы
органдарының құзыреті**

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті
өкілді органдары :

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытудың
бағдарламаларын қарайды және келісіп отырады;

атқарушы органдар басшыларының өз қарауындағы тиісті
әкімшілік-аумақтық бөліністер шегінде орналасқан ерекше қорғалатын табиғи
аумақтардың жай-күйі мен қызметі туралы есептерін тыңдайды;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін қорғау
және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау режимі жөніндегі міндетті
ережелерді қабылдайды. Ережелер олар жария етілгеннен кейін екі аптадан
кешіктірілмей күшіне енеді;

облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті
атқарушы органдарының ұсынуы бойынша жергілікті маңызы бар ерекше
қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану үшін төлем ставкаларын белгілейді.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті
атқарушы органдары :

мынадай жағдайларда :

облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы
органдарының тексеру жоспарларына сәйкес;

жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша;
жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарында жазылған расталған
фактілер бойынша ;

жоспарлы іс-шаралар жүргізу нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою
туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында ерекше қорғалатын
табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытудың бағдарламалары жөнінде
ұсыныстар енгізеді, осы аумақтарды құру жөніндегі негіздемелерді келісіп
отырады ;

мемлекеттік табиғи-қорық қорық пен жергілікті маңызы бар ерекше
қорғалатын табиғи аумақтар объектілерінің тізбелерін ерекше қорғалатын табиғи
аумақтар саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді; <*>

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жататын жерлердің резервін жасауды белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың айналасына, осы аумақтардың экологиялық жүйесінің жай-күйіне теріс әсер ететін кез-келген қызметке осы аймақтардың шегінде тыйым сала отырып, қорғаныш өңірлерін белгілеу жөнінде шешімдер қабылдайды;

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастырады;

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөніндегі шараларды жергілікті бюджеттер қаражатынан қаржыландыруды қамтамасыз етеді;

жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының бекітуіне ұсынады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151, 2001.12.24. N 276, 2004.05.25. N 553, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

4 тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру

12-бап. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері

1. Мемлекеттік табиғи-қорық қорына мына объектілер енгізіледі:

зоологиялық объектілер - жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері, жануарлардың құнды түрлері, жануарлардың типтік, бірегей және сирек кездесетін тобы;

ботаникалық объектілер - өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері, өсімдіктердің құнды түрлері, өсімдіктердің типтік, бірегей және сирек кездесетін тобы;

орман объектілері - ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ормандар, орман-дақылдық өндірісі мен егістікті қорғайтын орман өсірудің бірегей үлгілері;

дендрологиялық объектілер - ғылыми және мәдени-тарихи маңызы бар жекелеген ағаштар немесе олардың топтары, бау-парк дақылдарының бірегей үлгілері;

халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар объектілері - теңіз айдындарын қоса алғанда, дағдылы өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, әсіресе

су құстары мекендейтін жер ретінде пайдаланылатын табиғи және жасанды су қоймалары ;

геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер - жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелері ;

топырақ объектілері - әртүрлі топырақ аймақтарындағы типтік, бірегей және сирек кездесетін топырақтар ;

ландшафттық объектілер - типтік, бірегей және сирек кездесетін ландшафттар , ту табиғаттың эталондық учаскелері, ерекше рекреациялық маңызы бар ландшафттар ;

мемлекеттік ерекше маңызы немесе ғылыми ерекше құндылығы бар су қоймалары .

2. Қазақстан Республикасында мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің құрылу мақсатына, қорғау режиміне және пайдалану ерекшеліктеріне байланысты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мынадай түрлері құрылады :

биосфералық қорықтарды қоса алғанда, мемлекеттік табиғи қорықтар;

мемлекеттік ұлттық табиғи парктар;

мемлекеттік табиғи резерваттар;

мемлекеттік табиғи парктар;

мемлекеттік табиғат ескерткіштері;

мемлекеттік қорық өңірлері;

мемлекеттік табиғи заказниктер;

мемлекеттік зоологиялық парктар;

мемлекеттік ботаникалық бактар;

мемлекеттік дендрологиялық парктар;

мемлекеттік табиғи қорықтар-сепортерлер.

Қазақстан Республикасының заңдарымен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өзге де түрлері көзделуі мүмкін.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

13-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санаттары

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің құндылықтарына қарай жергілікті және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санаттары болып бөлінеді.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізбесінен шығаруға жергілікті атқарушы органдардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісілген шешімі бойынша ғана, ал республикалық маңызы бар

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар тізбесінен шығаруға Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары бойынша ғана жол беріледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен.

1 4 - б а п . < * >

Ескерту. 14-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

15-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға арналған жерлердің резервін құру

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту мен орналастырудың бекітілген бағдарламаларына сәйкес осы аумақтарды құруға арналып белгіленген жерлердің резерві жасалады .

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға арналған жерлердің резервін жасаған кезде оларды пайдаланудың мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауды қамтамасыз ететін шектеулер көзделеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

16-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру негіздемелері

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бірыңғай әдістемелер бойынша әзірленетін жаратылыс-ғылыми, техникалық-экономикалық негіздемелерге сәйкес құрылады .

2. Жаратылыс-ғылыми негіздеме табиғи-қорық қоры объектілерінің бірегейлігін және маңыздылығын анықтайды, табиғи кешендердің экологиялық жай-күйіне баға береді және оларды қорғау, қалпына келтіру мен пайдалану жөнінде ұсыныстар енгізеді, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың, оның шекараларының, алаңдарының және функционалдық аймақтарының түрі мен санатын таңдауды негіздейді .

3. Техникалық-экономикалық негіздеме және оның құрамына енетін жер бөлу жобасы :

ерекше қорғалатын табиғи аумақтың құрамына берілетін жерлердің шекарасы мен көлемін ;

осы жердің меншік иелерінен жер учаскелерін сатып алуға және (немесе) оларды алып қоюдағы залалдарды жабуға байланысты шығындарды;

осы аймақтардың шегінде аумақты функционалдық аймаққа бөлуді, табиғи ресурстарды қорғау режимі мен реттелетін рекреациялық және шектелген шаруашылық пайдалану шарттарын;

ерекше қорғалатын табиғи аумақты ұйымдастыру, ұстау және дамыту жөніндегі шаралар мен шығыстарды анықтайды.

4. Жаратылыс-ғылыми, техникалық-экономикалық негіздемелердің жобалары , жер бөлу жобалары мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органда бекітілуге т и і с .

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

17-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдер қабылдау

Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешімдерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру туралы шешім қабылдау үшін табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерге мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындылары болуы қажет.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

18-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорты

1. Қарамағына ерекше қорғалатын табиғи аумақтар берілетін атқарушы органдар осындай әрбір аумақ бойынша белгіленген үлгіде паспорт жасап, оны ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органда тіркейді.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспортында мыналар көрсетіледі:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтың және оның қорғаныш аймағының схема-картасы бар орналасқан жері, шекараларының, алаңының сипаттамасы;

ерекше қорғалатын табиғи аумақта орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сан көрсеткіштерімен қоса алғандағы тізбесі;

бөлінген өңірлер мен қорғау режимдері, ерекше қорғалатын табиғи аумақта осы режимдерді сақтау жөніндегі міндеттеме;

ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдалану түрлері;

қарамағында ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар табиғат қорғау мекемесінің немесе атқарушы органның атауы мен мекен-жайы.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорты қарамағында осы аумақ орналасқан табиғат қорғау мекемесінде, атқарушы органда және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органда сақталады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

19-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінің құқықтық жағдайы

Биосфералық қорықтарды қоса алғанда, мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар, мемлекеттік табиғи парктер, мемлекеттік зоологиялық парктер, мемлекеттік ботаникалық бақтар, мемлекеттік дендрологиялық парктер, мемлекеттік табиғи қорықтар-сепортерлер мемлекеттік мекеме нысанындағы заңды тұлғалар болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

20-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рәміздері

1. Заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өз рәміздері (жалаулары, вымпельдері, эмблемалары және басқалары) болуы мүмкін, олар нақты сол аумақтың толық немесе ресми қысқартылған атауын қ а м т у ғ а т и і с .

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар өз рәміздерін пайдалануға айрықша құқыққа ие болады және оны заңды және жеке тұлғалардың ақылы негізде пайдалануына рұқсат етілуі мүмкін.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың рәміздерін және оны пайдалануға рұқсат беру тәртібін қарамағына осы аумақ кіретін атқарушы органдар белгілейді .

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

21-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін, суын, ормандары мен жер қойнауын пайдалану ерекшеліктері

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, суы, ормандары мен жер қойнауы жердің, судың, ормандар мен жер қойнауының ерекше санаттарына б ө л і н е д і .

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін, суын, ормандары мен жер қойнауын өзге мұқтаждар үшін алып қоюға жол берілмейді.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін, суын, ормандары мен жер қойнауын пайдалану осы Заңға және Қазақстан Республикасының арнаулы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5 тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау және қалпына келтіру

22-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың құқықтық режимі

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін ерекше қорғау құқықтық режимі не шаруашылық қызметінің реттелетін режимі енгізіледі.

2. Ерекше қорғау құқықтық режимі:

1) қ о р ы қ р е ж и м і ;

2) заказник режимі болып бөлінеді.

Қорық режимі ерекше қорғалатын табиғи аумақта немесе арнайы бөлінген учаскелерде кез келген шаруашылық қызметке, сондай-ақ қоршаған ортаның табиғи жай-күйін бұзатын өзге де қызметке тыйым салуды көздейді.

Заказник режимі ерекше қорғалатын табиғи аумақта немесе арнайы бөлінген учаскелерде шаруашылық және өзге де қызметті белгілі бір маусымда, белгілі бір мерзімде ғана, мұның өзі мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуына қауіп төндірмейтіндей және олардың молығуын нашарлатпайтындай мөлшерде ғана жүргізуді көздейді.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы немесе арнайы бөлінген учаскелердегі шаруашылық қызметтің реттелетін режимі табиғи ресурстардың шаруашылық үшін пайдаланылуын шектеуді көздейді.

23-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғаудың жалпы ережелері

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда:

елді мекендерді, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен мелиорация, энергетика, көлік пен байланыс объектілерін, әскери және қорғаныс объектілерін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мақсаттары мен жұмыс істеуіне байланысы жоқ өзге де объектілер мен құрылыстарды орналастыруға және салуға;

өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, сондай-ақ радиоактивті материалдарды ж и н а у м е н к ө м у г е ;

су қоймаларын салқынды сулар ағызу үшін пайдалануға;

қоршаған ортаға қауіп туғызуы ықтимал химиялық және биологиялық заттарды, зиянды физикалық ықпал жасауды қолдануға;

пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге, пайдалы қазбаларды өндіруге байланысы жоқ жерасты құрылыстарын салу мен пайдалануға;

басты мақсатта пайдаланылатын ағаштарды кесуге, шайырды, екінші дәрежелі орман материалдары мен ағаш шырындарын дайындауға;

қорғалатын ландшафттардың табиғи бейнесінің өзгеруіне немесе экологиялық жүйелер тұрлаулылығының бұзылуына әкеп соғатын жұмыстарға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда азаматтардың болуы оларды қорғау режимдерінің ерекшеліктеріне сәйкес шектеледі және осындай әрбір аумақ

туралы жеке ережелермен реттеледі.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

24-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қорғалатын аймақтары

1. Қолайсыз сыртқы ықпалдардан қорғау үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың айналасына сол аймақтар шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің жай-күйіне және қалпына келтірілуіне теріс ықпал ететін қандай да болсын қызметке тыйым салынатын қорғаныш аймақтары белгіленуі мүмкін.

2. Қорғаныш аймақтары табиғи ресурстарының көлемін, шекарасын, режимін және пайдалану тәртібін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның келісімімен жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

Қорғаныш аймақтарының жері арнайы белгілермен белгіленеді.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

25-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы қорғаныш шаралары

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қоршаған ортаға зиянды ықпал етудің алдын алу және оны жою мақсатында мынадай қорғаныш шаралары жүргізілуі мүмкін :

табиғи апаттардың алдын алу және оларды жою, өрттердің алдын алу, дер кезінде анықтау және жою ;

судың зиянды ықпал етуінің алдын алу және оны жою ;

өсімдіктерді қорғау, зиянды жәндіктердің өсіп-өну ортасы мен ағаш ауруларын дер кезінде анықтау және оларға қарсы күрес, орманда санитариялық және басқа да ағаш кесу (жол төсеген, өртке қарсы белдеулер жасаған кезде жол құрылысына байланысты орман тазалау) ;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын және ветеринариялық мониторингін қамтамасыз ету, індеттер мен эпизоотиялардың алдын алу мақсатында жануарлар санын реттеп отыру.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы қорғаныш шаралары оларды қорғау режимдерін ескере отырып, ғылыми ұйымдардың ұсыныстары негізінде және қарамағында осы аумақтар бар атқарушы органдардың рұқсаты бойынша жүргізіледі .

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

26-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорын қалпына келтіру

**ұлттық табиғи парктердің және мемлекеттік
табиғи резерваттардың табиғи кешендері мен
объектілерін қорғау**

1. Биосфералық қорықтарды қоса алғанда, мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың табиғи кешендері мен объектілерін қорғауды, қызметкерлері осы мемлекеттік мекеменің штатына кіретін, олардың аумақтарын қорғау жөніндегі арнаулы мемлекеттік инспекция жүзеге асырады.

2. Биосфералық қорықтарды қоса алғанда, мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың директорлары және олардың орынбасарлары тиісінше биосфералық қорықтарды қоса алғанда, мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің және мемлекеттік табиғи резерваттардың аумақтарын қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар және олардың орынбасарлары болып табылады.

**27-2-бап. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік
ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи
резерваттар аумақтарын қорғау жөніндегі
мемлекеттік инспекторлардың құқықтары**

1. Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың осы ерекше қорғалатын аумақтарды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылатын қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарындағы адамдардың аталған ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу құқығына рұқсатты тексеруге;

мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарына жапсарлас жатқан қорғаныш аймақтары аумақтарында табиғат пайдалануды және өзге де қызметті жүзеге асыру құқығына құжаттарды тексеруге;

мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарында және олардың қорғаныш аймақтарында Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарын бұзған адамдарды ұстауға және аталған тәртіп бұзушыларды құқық қорғау органдарына жеткізуге;

мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың белгіленген режимін бұзуға кінәлі адамдарды әкімшілік жауапқа тарту туралы материалдарды жіберуге;

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы

заңдарын бұзушылардан заңсыз табиғат пайдалану өнімдері мен құралдарын, көлік құралдарын, сондай-ақ тиісті құжаттарды алып қоюға;

мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарында және олардың қорғаныш аймақтарында көлік құралдарына тексеру жүргізуге;

мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарында және олардың қорғаныш аймақтарында орналасқан кез келген объектілерге Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдары талаптарының сақталуын тексеру үшін кедергісіз баруға;

мемлекеттік табиғи қорықтарды, мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді, мемлекеттік табиғи резерваттарды және олардың қорғаныш аймақтарын ерекше қорғау режиміне сәйкес келмейтін шаруашылық және өзге де қызметті тоқтата тұруға ;

мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, олардың қорғаныш аймақтарының табиғи кешендері мен объектілеріне оларды қорғаудың белгіленген режимін бұзу салдарынан келтірілген залалдың орнын толтыру есебінен мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың пайдасына қаражат өндіріп алу туралы жеке және заңды тұлғаларға талап-арыз келтіру;

заңдармен көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарының бұзылғандығы туралы материалдарды құқық қорғау органдарына жіберуге құқығы бар.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға осы Заңмен өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде қызмет міндеттерін орындаған жағдайда қызметтік қаруын алып жүруге және арнайы құралдарды қолдануға рұқсат беріледі.

Қызметтік атыс қаруы мен арнайы құралдарды алу, сақтау және қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі. V940002_

3. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар сауыт кеудешелермен және жеке қорғаныстың басқа да құралдарымен қамтамасыз етіледі.

4. Мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер, мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес міндетті мемлекеттік сақтандырылуға тиіс.

27-3-бап. Мемлекеттік табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи заказниктердің және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өзге де түрлерін қорғау

1. Мемлекеттік табиғи заказниктердің аумақтарын қорғауды олар қарауында болатын орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

Р 9 3 0 6 0 7 _

2. Мемлекеттік табиғи парктердің аумақтары мен басқа да жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды олар қарауында болатын атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік табиғи заказниктер, мемлекеттік табиғи парктер аумақтарын және басқа да жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды жүзеге асыратын қызметкерлер мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер және мемлекеттік табиғи резерваттар аумақтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар пайдаланатын құқықтарды пайдаланады.

6 тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану

28-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланудың мақсаттары

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар:

- 1) ғ ы л ы м и ;
- 2) м ә д е н и - а ғ а р т у ш ы л ы қ ;
- 3) о қ у ;
- 4) туристік және рекреациялық;
- 5) шектеулі шаруашылық мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін.

29-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ғылыми мақсаттарда пайдалану

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мынадай негізгі бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуі мүмкін:

мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін түгендеу және зерделеу, оларды қорғау мен қалпына келтіру жөніндегі ғылыми негізделген шаралар ә з і р л е у ;

табиғи процестердің табиғи ағымын және қорғау режимдерінің экологиялық жүйелерге ә с е р і н з е р д е л е у ;

мониторингтің экологиялық және басқа түрлері, "Табиғат жылнамасын" ж ү р г і з у ;

қорық ісінің, қоршаған ортаны қорғаудың және табиғатты ұтымды пайдаланудың ғылыми негіздерін әзірлеу;

жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің көбеюін қалпына келтірудің ғылыми негіздерін әзірлеу ;

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы ғылыми зерттеулерді әдістемелік басшылық пен үйлестіруді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган мен ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бірлесіп жүзеге асырады . < * >

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 , 2004.05.25. N 553 Заңдарымен.

30-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды мәдени-ағартушылық мақсаттарда пайдалану

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мынадай мәдени-ағартушылық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін:

табиғи-ғылыми білімдер мен қорық ісі, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы жетістіктерді насихаттау;

өлі табиғат, өсімдіктер мен жануарлар объектілерін, тарихи-мәдени мұра объектілерін көрсету ;

табиғат қорғау мекемелерінің қызметімен таныстыру.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мәдени-ағарту шараларын өткізу үшін мұражайлар, лекторийлер, экспозициялар, көрсетілетін учаскелер және басқа да қажетті объектілер құрылуы мүмкін.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау, сақтау және пайдалану Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

31-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды оқу мақсатында пайдалану

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мынадай оқу мақсаттарында: оқушылар мен студенттердің оқу экскурсиялары мен сабақтарын, өндірістік практикаларын өткізу ;

қорық ісі, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы ғылыми кадрларды даярлау, мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін.

32-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалану

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туристерді табиғи және тарихи-мәдени көрікті орындармен таныстыру, халықтың белсенді демалысы үшін пайдаланылуы мүмкін.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туризм мен рекреация жүргізу үшін арнайы учаскелер бөлінеді, оларда туристік соқпақтар, шолу алаңқайлары, тынығып, дамылдайтын ашық алаңдар, көлікке арналған тұрақтар, кемпингтер, шатыр тігілген лагерьлер, мейманханалар, мотельдер, туристік базалар, қоғамдық тамақтандыру, сауда және басқа да мәдени-тұрмыстық мақсаттағы объектілер болады.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік және рекреациялық қызмет оларды қорғау режимдерін ескере отырып шектеледі және Қазақстан Республикасының туризм туралы заңдарына сәйкес реттеледі.

33-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды шектеулі шаруашылық мақсаттарында пайдалану

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды шектеулі шаруашылық мақсаттарында пайдалануға заказник режимі бар және шаруашылық қызметінің режимімен реттелетін арнайы бөлінген учаскелерде ғана жол берілуі мүмкін.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы мемлекеттік табиғи-қорық қорын шектеулі шаруашылық қызметке пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның өз құзыреті шегіндегі рұқсаты бойынша ғана жүзеге асырылады.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда белгіленген жағдайларда шектеулі және де шаруашылық қызметке ғана оған байланысты табиғат пайдалану түрлеріне, егер мемлекеттік табиғи-қорық қорын сақтауға және молықтыруға қауіп төндірмесе, майдагерлік және халықтық кәсіпшілікке, қарамағында осы аумақтар бар атқарушы органдардың рұқсаты бойынша жол беріледі.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

7 тарау. Мемлекеттік табиғи қорықтар

34-бап. Мемлекеттік табиғи қорық ұғымы

1. Мемлекеттік табиғи қорық - табиғи процестердің, тұрпатты және бірегей экологиялық, жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық алуан түрлілігі мен генетикалық қорын табиғи жағдайда сақтап, дамуын зерттеуге арналған ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтардың бүкіл аумағында табиғи ресурстарды шаруашылық жүргізу үшін пайдалануды болғызбайтын қорғаудың қорықтық режимі белгіленеді.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23.
N 151 Заңымен .

35-бап. Мемлекеттік табиғи қорықтарды қорғау режимінің ерекшеліктері

1. Мемлекеттік табиғи қорықтарда, осы Заңның 23-бабында көрсетілген жалпы қорғау шараларын қоспағанда:

үйлер мен ғимараттар, көпшілік пайдаланатын жолдар, труба құбырларын, электр беру желілері мен басқа да коммуникациялар салуға;

мемлекеттік геологиялық зерттеуге және түрлі іздестіру жұмыстарына;

ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің, гидроэнергетиканың, су көлігінің суға деген қажеттерін өтеу үшін және өзге де шаруашылық мұқтаждар үшін жер үсті және жер асты суларын пайдалануға;

орман қорғау шараларын жүргізу және қорықтардың қызмет етуі үшін қажетті санитариялық және өзге де кесулерді қоспағанда, ағаштарды кесуге, шайырды, екінші дәрежелі орман материалдары мен ағаш шырындарын дайындауға, орманды жанама пайдалануға және орманды сауықтыру мақсаттарына және орман қоры учаскелерін аң шаруашылығы мұқтаждары үшін п а й д а л а н у ғ а ;

шөп шабу мен мал жаюды қоса алғанда, өсімдіктер дүниесін шаруашылық мақсаттарға п а й д а л а н у ғ а ;

аң аулауға, кәсіпшілік балық аулауға және аңшылық пен балық аулау объектісіне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарына пайдалануға;

флоралар мен фауналар үшін өсімдіктер мен жануарлардың жаңа түрлерін жаңа жағдайларға бейімдеуге;

қоршаған ортаға кез келген химиялық, биологиялық және физикалық ықпал ж а с а у д ы қ о л д а н у ғ а ;

арнаулы рұқсат болмайынша табиғи ортадан жануарлар мен өсімдіктерді алып қою арқылы коллекциялар жинауға және ғылыми зерттеулер жүргізуге;

азаматтардың арнайы рұқсатсыз және келуге бөлінген орындардан тыс жерлерде болуына тыйым салынады.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтар қызметкерлерінің жеке қосалқы шаруашылығы үшін жер учаскелерін облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары қорықтардан тыс жерлерден немесе өздерінің қорғауындағы, санитариялық-қорғаныш және өзге де қорғаныш өңірлерінің шегінен бөледі.

Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23.
N 151 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді)
Заңдарымен.

36-бап. Мемлекеттік табиғи қорықтарда ғылыми зерттеулер ұйымдастырудың ерекшеліктері

1. Мемлекеттік табиғи қорықтар оларда құрылатын ғылыми орталықтардың, лабораториялар мен бөлімдердің күшімен жыл бойы тұрақты бақылау ұйымдастыру арқылы ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың ғылыми орталықтарына, лабораториялары мен бөлімдеріне белгіленген тәртіппен ғылыми ұйым мәртебесі беріліп, олардың қызметкерлеріне ғылыми қызметкер құқықтары қолданылуы мүмкін.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтарда ғылыми кеңестер құрылып, олардың құрамына жетекші ғалымдар мен мамандар, ғылыми ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізіледі.

3. Мемлекеттік табиғи қорықтарда ғылыми деректер банкі, ғылыми коллекциялар, қорлар, кітапханалар мен мұрағаттар құрылады.

Мемлекеттік табиғи қорықтар қорық ісі мәселелері жөнінде ғылыми, ғылыми көпшілік және басқа да әдебиеттер шығара алады.

37-бап. Мемлекеттік табиғи қорықтарды мәдени-ағарту, оқу, туристік, рекреациялық және өзге де мақсаттарға пайдаланудың ерекшеліктері

Мемлекеттік табиғи қорықтарда, құрамына айрықша құнды экологиялық жүйелер мен объектілер кірмейтін арнайы бөлінген учаскелерде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен:

экскурсиялық экологиялық маршруттар ұйымдастыруға және туристік соқпақтар мен тұрақтар салуға, ашық аспан астында мұражайлар мен экспозициялар орналастыруға;

спорттық және әуесқойлық балық аулауға;

қорық қызметкерлерінің және оның аумағында тұрақты тұратын азаматтарға өз қажеттері үшін саңырауқұлақ, жаңғақ, жидек, дәрілік өсімдіктер жинауға, шөп шабуға;

қорық қызметкерлерінің, сондай-ақ оның аумағында тұрақты тұратын өзге де азаматтардың жеке малын жаюға жол беріледі.

Ескерту. 37-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

38-бап. Мемлекеттік табиғи биосфералық қорықтар

1. Мемлекеттік табиғи биосфералық қорықтар ауқымды экологиялық мониторингті жүзеге асыру үшін жұмыс істеп тұрған немесе жаңадан ұйымдастырылып жатқан мемлекеттік табиғи қорықтардың базасында құрылуы мүмкін.

2. Қоршаған ортаны бүлдірмейтін және биологиялық ресурстарды

сарқылтпайтын ғылыми зерттеулер жүргізу, табиғатты ұтымды пайдалану әдістерін сынақтан өткізіп, енгізу мақсатында мемлекеттік табиғи биосфералық қорықтарға қорғау және жұмыс істеу режимдері әртүрлі биосфералық полигондар қосылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік табиғи биосфералық қорықтар туралы жеке ережелер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар ескеріле отырып бекітіледі.

38-1-бап. Мемлекеттік табиғи қорықтар-сепортерлер

1. Мемлекеттік табиғи қорық-сепортер - қорық режимімен қорғалатын, республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ, ол табиғи қайта түлеуге бейімі жоқ, адам әрекетінен бұзылған бірегей табиғи кешендерді қалпына келтіруге және зерделеуге арналған.

2. Мемлекеттік табиғи қорықтар-сепортерлерді қорғау режимі олардың ғылыми қызметін және оларды мәдени-ағарту, оқу және туристік мақсаттарға пайдалануды ұйымдастыру мемлекеттік табиғи қорықтар үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 38-1 баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

8 тарау. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер

39-бап. Мемлекеттік ұлттық табиғи парк ұғымы

1. Мемлекеттік ұлттық табиғи парк - айрықша экологиялық, рекреациялық және ғылыми жағынан ерекше құнды табиғи және тарихи-мәдени кешендер мен объектілерді сақтауға, қалпына келтіруге және сан-салалы пайдалануға арналған ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер республикалық маңызы бар санатқа ие.

Ескерту. 39-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

40-бап. Мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумақтарын аймақтарға бөлу және оларды пайдаланудың ерекшеліктері

1. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде табиғи кешендерді қорғау режиміне және пайдалану мақсаттарына қарай мынадай функционалдық аймақтар мен шағын аймақтар ерекшеленеді:

- 1) қорық режиміндегі;
- 2) мынадай шағын аймақтары бар заказдық режимдегі:
рекреациялық пайдалану;

әкімшілік-өндірістік мақсаттағы;
келушілер мен туристерге қызмет көрсету;
шектеулі шаруашылық қызмет.

2. Ұлттық парктердің қорық аймақтарының шегінде кез-келген шаруашылық қызметке, рекреациялық пайдалануға тыйым салынады және онда мемлекеттік табиғи қорықтардың ерекше қорғалатын аумақтарының режиміне сәйкес келетін режим қолданылады.

Заказдық режим аймақтарында табиғи кешендер мен объектілерді сақтауға арналған жағдайлар қамтамасыз етіліп, сол аумақта оларды қатаң реттей отырып пайдалануға, соның ішінде: рекреациялық пайдалану, шектеулі шаруашылық қызмет, әкімшілік-өндірістік мақсаттағы және келушілерге қызмет көрсету шағын аймақтарында спорттық және әуесқойлық аң аулау мен балық аулау, рекреациялық орталықтардың, қонақ үйлердің, кемпингтердің, мұражайлар мен туристерге қызмет көрсететін басқа да объектілердің құрылысын салуға және пайдалануға беруге жол беріледі.

3. Шектеулі және дәстүрлі шаруашылық қызмет өңірлерінде мемлекеттік ұлттық парктердің тұрақты пайдалануына берілген жер учаскелері сияқты, бұл жер учаскелерін меншік иелері мен жерді пайдаланушылардан алып қоймай, соларға бекітілген жер учаскелері де енгізілуі мүмкін.

4. Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде ғылыми зерттеулер, мәдени-ағарту және оқу шаралары мемлекеттік табиғи қорықтар үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен.

8-1-тарау. Мемлекеттік табиғи резерваттар

40-1-бап. Мемлекеттік табиғи резерват ұғымы

1. Мемлекеттік табиғи резерват - осы аумақтағы ландшафттық және биологиялық алуан түрлілікті сақтауға және қалпына келтіруге, табиғи ресурстардың тұрақты дамуы мен теңгермелі пайдаланылуын қамтамасыз етуге арналған әртүрлі қорғау режимдері бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік табиғи резерваттардың республикалық маңызы бар санаты болады.

40-2-бап. Мемлекеттік табиғи резерваттардың аумақтарын аймақтарға бөлу және оларды қорғау режимінің ерекшеліктері

Мемлекеттік табиғи резерваттарда мынадай функционалдық аймақтар бөліп көрсетіледі:

1) қорық ядросының аймағы дегеніміз адамдардың араласуынан неғұрлым аз бұзылған қорық режимінде қорғалатын, ландшафттық және биологиялық алуан түрлілігін табиғи даму жағдайында сақтауға арналған аумақ бөлігін білдіреді;

2) буферлік аймақ қорық ядросының айналасында құрылады, заказдық режимі болады және ядро аймағына шаруашылық және рекреациялық қызмет ықпалын төмендетуге арналған;

3) бұзылған ландшафттарды қалпына келтіру аймағы дегеніміз табиғи қалпына келу әлеуеті төмен, қатты тозып кеткен полигон-учаскелерді білдіреді әрі олардың ландшафттық және биологиялық алуан түрлілігін қайта жандандыру, сондай-ақ шаруашылық маңызын қалпына келтіру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған. Қалпына келтіру аймағында қорық немесе заказдық қорғау р е ж и м і б о л а д ы ;

4) мемлекеттік табиғи резерваттың тұрақты даму аймағының ерекше қорғау режимі болмайды және ол жер пайдаланушылардың жерлерін алмай құрылады. Сонымен қатар, ол аймақтың аумағында ядро аймағындағы және табиғи резерваттың буферлік аймағындағы қоршаған ортаға жағымсыз өзгерістер әкелуі мүмкін шаруашылық қызметтік барлық түріне тыйым салынады. Бұл аймақта табиғи ресурстарды теңгермелі пайдалану принциптеріне негізделген ауыл және орман шаруашылығының, жергілікті кәсіпшілік пен туризмнің ұтымды нысандарын дамытуға басымдық беріледі.

40-3-бап. Мемлекеттік табиғи резерваттарды ұйымдастыру және басқару ерекшеліктері

Мемлекеттік табиғи резерваттар жұмыс істеп тұрған мемлекеттік табиғи қорықтар мен мемлекеттік ұлттық табиғи парктер негізінде құрылуы немесе олар біртұтас басқарудағы кешенді ерекше қорғалатын табиғи аумақ болып б і р і к т і р і л у і м ү м к і н .

Ескерту. 8-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

9 тарау. Мемлекеттік табиғи парктер

41-бап. Мемлекеттік табиғи парк ұғымы

Мемлекеттік табиғи парк мемлекеттік ұлттық табиғи парктің нақ сондай міндеттер қойылатын және нақ сондай қызмет атқаратын, бірақ жергілікті маңызы бар табиғат қорғау мекемесі мәртебесіндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ санатына жататын түрі болып табылады.

42-бап. Мемлекеттік табиғи парктерді өңірлерге бөлу және оларды пайдалану ерекшеліктері

1. Мемлекеттік табиғи парктерде өңірлер мемлекеттік ұлттық табиғи парктер сияқты бөлінеді.

2. Мемлекеттік табиғи парктер мемлекеттік ұлттық табиғи парктер сияқты тәртіппен және нақ сондай жағдайларда пайдаланылады.

3. Қарамағында Мемлекеттік табиғи парктер бар атқарушы органдар нақты табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторларды, сондай-ақ жергілікті халықтың мүдделерін ескере отырып, осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жұмыс істеуінің жеке ерекшеліктерін белгілеуге қақылы.

10 тарау. Мемлекеттік табиғат ескерткіштері

43-бап. Мемлекеттік табиғат ескерткіші ұғымы

1. Мемлекеттік табиғат ескерткіші - мемлекеттік табиғи-қорық қорының жекелеген объектілерін табиғи қалпында сақтауға арналған, қорық режиміндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік табиғат ескерткіштері зоологиялық, ботаникалық, орман, дендрологиялық, гидрологиялық, геологиялық, геоморфологиялық, гидрогеологиялық, топырақты, ландшафты және кешенді болуы мүмкін.

3. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің жергілікті және республикалық маңызы болуы мүмкін.

44-бап. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерін құру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік табиғат ескерткіштері жер учаскелерінде оларды жер учаскелерінің меншік иелері мен оны пайдаланушылардан алып қоймай құрылады.

2. Қарамағында мемлекеттік табиғат ескерткіштері бар атқарушы органдар оларды жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе оны пайдаланушыларға осы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау жөнінде міндеттеме жүктеп береді.

3. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерін қорғау мен қалпына келтіру жөніндегі шығыстар жер учаскелерінің меншік иелеріне немесе оны пайдаланушыларға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметін қаржыландырудың белгіленген көздері есебінен өтеледі.

45-бап. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерін қорғау мен пайдалану ерекшеліктері

1. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің табиғи жай-күй мен сақталуын бұзатын қызметтің қандайына болса да тыйым салынады.

2. Мемлекеттік табиғат ескерткіштері белгіленген тәртіппен ғылыми, мәдени-ағарту және оқу мақсаттарында пайдаланылуы мүмкін.

11 тарау. Мемлекеттік қорық өңірлері

46-бап. Мемлекеттік қорық өңірі ұғымы

1. Мемлекеттік қорық өңірі - мемлекеттік табиғи қорықтарға және мемлекеттік ұлттық табиғи парктерге арналып не ерекше құнды табиғи ресурстарды сақтау мен қалпына келтіру үшін резервке алынған жер учаскелеріндегі мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтауға арналған, сараланған қорғау режиміндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік қорық өңірінің жергілікті және республикалық маңызы болуы мүмкін.

46-1-бап. Мемлекеттік қорық аймақтарын құру тәртібі

Республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтарын ұйымдастыру туралы шешімдерді - Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті маңызы барларын ұйымдастыру туралы шешімдерді ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органның ұсыныстары бойынша барлық мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген ғылыми негіздемелер негізінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары қ а б ы л д а й д ы .

Ескерту. 46-1 баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

47-бап. Мемлекеттік қорық өңірлерін қорғау мен пайдалану ерекшеліктері

1. Егер қорғалатын ландшафттардың табиғи бейнесін өзгертуге немесе экологиялық жүйелердің тұрақтылығын бұзуға әкеліп соғуы мүмкін болса, не ерекше құнды табиғи ресурстардың сақталуы мен молығуына қауіп төндірсе, мемлекеттік қорық өңірлерінде кез келген қызметке тыйым салынады.

2. Мемлекеттік қорық өңірлерінде қорық және заказник режиміндегі, сондай-ақ шаруашылық қызметтің реттелетін режиміндегі учаскелер бөлінуі м ү м к і н .

Ерекше қорғаудың міндетті жалпы шараларынан басқа, әрбір мемлекеттік қорық өңірі үшін арнайы экологиялық талаптар енгізіледі.

3. Мемлекеттік қорық өңірлері қорғау режимдерінің ерекшеліктері және арнайы экологиялық талаптар ескеріле отырып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үшін көзделген барлық мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

48-бап. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық өңірі

1. Еділ (Қазақстан Республикасының шегінде) мен Жайық өзендерінің атыраптарын қоса Солтүстік Каспийдің шығыс бөлігінің су айдыны Каспий

теңізінің солтүстік бөлігіндегі балық қорын сақтау мен бекіре тұқымдас және балықтың басқа да бағалы түрлерінің мекендеуі мен табиғи молығуына оңтайлы жағдай жасауға арналған мемлекеттік қорық өңіріне кіреді.

2. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында балық шаруашылығын, су көлігін дамытуға, мемлекеттік геологиялық зерттеуге, барлауға және арнайы экологиялық талаптарды ескере отырып көмірсутекті шикізатты өндіру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

12 тарау. Мемлекеттік табиғи заказниктер

49-бап. Мемлекеттік табиғи заказник ұғымы

1. Мемлекеттік табиғи заказник - мемлекеттік табиғи-қорық қорының бір немесе бірнеше объектілерін сақтау мен молықтыруға арналған, заказник режиміндегі немесе шаруашылық қызметтің реттелетін режиміндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік табиғи заказниктер зоологиялық, ботаникалық, гидрологиялық, геологиялық, геоморфологиялық, гидрогеологиялық, топырақты, ландшафтты және кешенді болуы мүмкін.

Мемлекеттік табиғи заказниктер республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады.

Ескерту. 49-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

50-бап. Мемлекеттік табиғи заказниктерді құру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік табиғи заказниктер жер учаскелерінде оларды меншік иелері мен пайдаланушылардан алып қоймай құрылады.

Меншік иесі немесе пайдаланушы мемлекеттік табиғи заказник орналасқан жер учаскесін нысаналы түрде шектеп пайдалану құқығын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Қарауында мемлекеттік табиғи заказниктер бар орталық атқарушы орган арнайы қызметтердің күшімен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қызметін қаржыландыру үшін белгіленген көздер есебінен оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін қорғау және қалпына келтіру іс-шараларын ұйымдастырады.

Ескерту. 50-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

51-бап. Мемлекеттік табиғи заказниктерді қорғау және пайдалану режимінің ерекшеліктері

1. Егер мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуына қауіп төндірсе немесе олардың молықтырылуын нашарлатса, мемлекеттік табиғи заказниктерде кез келген қызметке тыйым салынады.

2. Мемлекеттік табиғи заказниктер белгіленген тәртіппен ғылыми, мәдени-ағарту, оқу және шектеулі шаруашылық мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен пайдаланушылары белгіленген шектеулерді сақтай отырып, мемлекеттік табиғи заказниктерде шаруашылық қызметті жүзеге асыра алады.

13 тарау. Мемлекеттік зоологиялық парктер

52-бап. Мемлекеттік зоологиялық парк ұғымы

1. Мемлекеттік зоологиялық парк - жануарлар дүниесін қорғауға, молықтыруға және пайдалануға арналған, табиғат қорғау және ғылыми зерттеу мекемелері мәртебесі бар және өңірлер бойынша сараланған қорғау режиміндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік зоологиялық парктің жергілікті және республикалық маңызы болуы мүмкін.

53-бап. Мемлекеттік зоологиялық парктерді өңірлерге бөлу және оларды қорғау ерекшеліктері

1. Мемлекеттік зоологиялық парктерге әдетте елді мекендерді жерінен белгіленген тәртіппен тұрақты пайдалануға жер учаскелері беріледі.

2. Мемлекеттік зоологиялық парктер мынадай:

1) экспозициялық - жануарларды ұстау мен өсіруге, сондай-ақ жануарларды келушілерге көрсетуге арналған;

2) ғылыми - ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған;

3) қоғамдық - келушілерге қызмет көрсетуге арналған;

4) әкімшілік және өндірістік-шаруашылық өңірлерге бөлінеді.

3. Мемлекеттік зоологиялық парктерде оның міндеттерін орындаумен байланысты емес және оларда ұсталатын жануарлардың жойылуына әкеліп соғуы мүмкін кез келген іс-әрекетке тыйым салынады.

54-бап. Мемлекеттік зоологиялық парктерде жануарларды өсіру

1. Мемлекеттік зоологиялық парктер отандық және дүние жүзілік фаунадағы жануарлар коллекцияларын қалыптастырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік зоологиялық парктер белгіленген тәртіп бойынша жануарлармен импорттық және экспорттық операцияларды, оларды зоологиялық

саладағы басқа мекемелермен айырбастауды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік зоологиялық парктерде малдәрігерлік және зоотехникалық қызмет, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарларға арналған питомниктер құрылады.

55-бап. Мемлекеттік зоологиялық парктерді пайдалану ерекшеліктері

1. Мемлекеттік зоологиялық парктер ғылыми, мәдени-ағарту және оқу мақсаттарында пайдаланылады.

2. Мемлекеттік зоологиялық парктердегі ғылыми зерттеулер жануарларды қамап немесе жартылай еркіндік жағдайында ұстау мен өсіру саласында жүргізіледі.

Мемлекеттік зоологиялық парктер ғылыми деректер банкін, қорлар, мұражайлар, лекторийлер, кітапханалар мен мұрағаттар құрып, ғылыми, ғылыми-көпшілік және осы мекемелер қызметінің мәселелері бойынша басқа да әдебиет шығара алады.

3. Мемлекеттік зоологиялық парктердің қосалқы шаруашылықтары, шеберханалары, зоологиялық дүкендері және осы мекемелер бағдарына сәйкес келетін шаруашылық қызметке қажетті басқа да объектілері болуы мүмкін.

14 тарау. Мемлекеттік ботаникалық бақтар

56-бап. Мемлекеттік ботаникалық бақ ұғымы

1. Мемлекеттік ботаникалық бақ - өсімдіктер дүниесін қорғауға, молықтыруға және пайдалануға арналған, табиғат қорғау және ғылыми-зерттеу мекемелерінің мәртебесі бар және өңірлер бойынша сараланған қорғау режиміндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтардың жергілікті және республикалық маңызы болуы мүмкін.

57-бап. Мемлекеттік ботаникалық бақтарды өңірлерге бөлу және оларды қорғау ерекшеліктері

1. Мемлекеттік ботаникалық бақтарға тұрақты пайдалану үшін белгіленген тәртіппен жер учаскелері беріледі.

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтар мынадай:

1) экспозициялық - өсімдіктерді егуге және оларды келушілерге көрсетуге арналған;

2) ғылыми - ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған;

3) қорықтық - табиғи өсімдіктердің бірегей, типтік және сирек кездесетін топтарын сақтауға арналған;

4) қоғамдық - келушілерге қызмет көрсетуге арналған;

5) әкімшілік және өндірістік-шаруашылық өңірлерге бөлінеді.

3. Мемлекеттік ботаникалық бақтарда олардың міндеттерін орындаумен байланысты емес және оларда өсірілетін өсімдіктердің жойылуына әкеліп соғуы мүмкін кез келген іс-әрекетке тыйым салынады.

58-бап. Мемлекеттік ботаникалық бақтарда өсімдіктер егу

1. Мемлекеттік ботаникалық бақтар отандық және дүниежүзілік флораның табиғи және мәдени өсімдіктер коллекцияларын қалыптастырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтар өсімдіктермен импорттық және экспорттық операциялар жүргізуді, оларды ботаникалық саладағы басқа мекемелермен айырбастауды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік ботаникалық бақтарда коллекциялық және эксперименттік учаскелер, гербарийлер, питомниктер және тұқым қорлары құрылады.

59-бап. Мемлекеттік ботаникалық бақтарды пайдалану ерекшеліктері

1. Мемлекеттік ботаникалық бақтар белгіленген тәртіппен ғылыми, мәдени-ағарту және оқу мақсаттарында пайдаланылады.

2. Мемлекеттік ботаникалық бақтардағы ғылыми зерттеулер табиғи флораның бағалы, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін және жерсіндірілген дақылды өсімдіктерді қолдан өсіру, тұқымын сұрыптау және көбейту саласында жүргізіледі.

Мемлекеттік ботаникалық бақтар ғылыми деректер банкін, қорлар, мұражайлар, лекторийлер, кітапханалар мен мұрағаттар құрып, ғылыми, ғылыми-көпшілік және осы мекемелер қызметінің мәселелері бойынша басқа да әдебиеттер шығара алады.

3. Мемлекеттік ботаникалық бақтар ұсынылған жерсіндірілген өсімдіктерді және олардың қайталама түрлерін халық шаруашылығына енгізу мақсатымен өндірістік сынақтан өткізу үшін шаруашылық эксперименттік базалар құра алады.

4. Мемлекеттік ботаникалық бақтардың қосалқы шаруашылықтары, шеберханалары, өсімдіктер сататын мамандандырылған дүкендері және осы мекемелер бағдарына сәйкес келетін шаруашылық қызметке қажетті басқа да объектілері болуы мүмкін.

15 тарау. Мемлекеттік дендрологиялық парктер

60-бап. Мемлекеттік дендрологиялық парк ұғымы

1. Мемлекеттік дендрологиялық парк - табиғат қорғау мекемесінің мәртебесі бар және ағаш пен бұта тұқымдарын қорғауға, молықтыруға және пайдалануға

арналған өңірлер бойынша сараланған қорғау режиміндегі ерекше қорғалатын
табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік дендрологиялық парктердің жергілікті және республикалық маңызы болуы мүмкін.

61-бап. Мемлекеттік дендрологиялық парктерді өңірлерге бөлу, қорғау және пайдалану ерекшеліктері

1. Мемлекеттік дендрологиялық парктерде өңірлер мемлекеттік ботаникалық бақтар сияқты мақсат пен қорғау режимдері ескеріле отырып бөлінеді.

2. Мемлекеттік дендрологиялық парктер мемлекеттік ботаникалық бақтар сияқты тәртіппен және нақ сондай шарттармен ғылыми, мәдени-ағарту және оқу мақсаттарында пайдаланылады.

16 тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орманы

62-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орманы ұғымы

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орманы қорғаныш санаттары ерекше қорғалатын құқықтық режимге сәйкес келетін не экологиялық, ғылыми, мәдени және шаруашылық жағынан ерекше құнды шаруашылық қызметі режимімен реттелетін арнаулы нысаналы мақсаттағы ормандар болып табылады.

63-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарының қорғаныш санаттары

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың орманы мынадай қорғаныш санаттарына бөлінеді:

мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік табиғи резерваттардың, мемлекеттік табиғи парктердің, мемлекеттік орман табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік қорық аймақтары мен мемлекеттік табиғи қорықтар-сепортерлерінің ормандары;

ерекше құнды орманды алқаптар - тұқымдық құрамы жөнінен реликті және эндемиялық тұқымдық бірегей ормандар; өнімділігі мен генетикалық сапасы бойынша бірегей ормандар, күрделі табиғи жағдайларда маңызды қорғаныш міндеттерін атқаратын ормандар;

ғылыми маңызы бар ормандар - орман шаруашылығы ғылымы мен практикасы жетістіктерінің үлгісі болып табылатын ормандар; ұзақ мерзімді перспективаға ғылыми зерттеулердің объектісі болатын ормандар; плюстік көшеттер мен ағаштар отырғызуды қамтитын орманды генетикалық резерваттар; басқа да сұрыптау - генетикалық объектілер;

жаңғақ кәсіпшілігі аймақтарының ормандары - жаңғақ дайындау және аңшылық шаруашылығын ұйымдастыру үшін шикізат базасы ретінде маңызы

б а р

о р м а н д а р ;

орман-жеміс өсіру - шаруашылық маңызы бар, құрамында бағалы жеміс-жидек және жаңғақ-жеміс тұқымдық ағаштары мен бұталары өніп шығатын орман қорының жеріне табиғи немесе қолдан отырғызылған ормандар;

субальпілік ормандар - тау шыңдары мен жоталарының жоғарғы ағашсыз бөлігімен шекаралас орналасқан, қорғаныштық және эрозияға қарсы маңызды мәні бар биік таудағы ормандар.

Ескерту. 63-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

64-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы орманды күзету мен пайдалану ерекшеліктері

1 . < * >

2. Ерекше бағалы орман алқаптары, ғылыми маңызы бар ормандар мен субальпілік ормандар үшін режимдер бөлінген ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әрқайсысының ерекшеліктері негізге алына отырып белгіленеді.

3. Жаңғақ кәсіпшілігі өңірлерінің орманы мен ағаш-жеміс екпелері үшін бөлінген ерекше қорғалатын табиғи аумақтың әрқайсысының ерекшеліктері негізге алына отырып, шаруашылық қызметтің реттелетін режимі белгіленеді.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ормандарын бұл ормандардың арнайы нысаналы мақсатын ескере отырып, осы Заңда көзделген пайдалану түрлеріне жол беріледі.

Ескерту. 64-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

17 тарау. Ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан ерекше құнды су қоймалары

65-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан ерекше құнды су қоймалары ұғымы

1. Ерекше мемлекеттік маңызы бар не ғылыми жағынан ерекше құнды су қоймаларына ерекше қорғалатын құқықтық режиміндегі арнаулы нысаналы мақсаттағы немесе шаруашылық қызмет режимімен реттелетін су қоймалары ж а т а д ы .

Шаруашылық тұрғысынан ерекше құнды су қоймалары; шекарааралық сулар; табиғи шипалы факторлары мен рекреациялық қасиеттері бар су қоймалары; ұзақ мерзімді перспективадағы ғылыми зерттеулер объектілері болып табылатын су қоймалары; ықтимал сел қаупін төндіретін су қоймалары ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан ерекше құнды су қоймалары болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 65-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 Заңымен , 2001.01.23. N 151 Заңымен .

66-бап. Ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан ерекше құнды су қоймаларын қорғау мен пайдалану ерекшеліктері

1. Ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе ғылыми жағынан ерекше құнды су қоймаларын пайдалануға беруге ішінара шек қойылуы немесе толық тыйым салынуы мүмкін .

Ескерту. 66-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

18 тарау. Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар

67-бап. Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар ұғымы

1. Теңіз айдынын қоса алғанда, дағдылы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, әсіресе су құстары мекендейтін жер ретінде пайдаланылатын табиғи және жасанды, су қоймалары халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар болып табылады .

2. Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптар мемлекеттік табиғи қорықтарға, мемлекеттік ұлттық парктерге, мемлекеттік табиғи резерваттарға және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өзге де түрлеріне кіреді.

Ескерту. 67-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

68-бап. Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарды қорғау мен пайдалану ерекшеліктері

1. Халықаралық маңызы бар сулы-батпақты алқаптарға негізінен су құстары мекендейтін жерді қорғау мен қалпына келтіруді қамтамасыз ететін қорық және заказник режимдері немесе шаруашылық қызметтің реттелетін режимі белгіленеді .

Ескерту. 68-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

19 тарау. Жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелері

69-бап. Жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелері ұғымы

1 . < * >

2. Жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелеріне мыналар жатады:

геологиялық объектілер - тіренішті немесе сипатты кесінділер, сипатты тектоникалық құрылымдар, сирек кездесетін тау жыныстары мен минералдар, метеориттер, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің сақталып қалған қазба қалдықтары бар табиғи және жасанды жолмен аршылған орындар;

геоморфологиялық объектілер - жер бедерінің құрылу процестерін айқын көрсететін және туризм мен рекреация үшін ерекше құнды террасалар, жайылма сулар, үңгірлер, шатқалдар, каньондар, сарқырамалар және басқа да жер бедерінің нысандары;

гидрогеологиялық объектілер - бірегей және сирек кездесетін қасиеттерімен ерекшелетін жер асты сулары мен олардың жер бетіне шығатын орындары;

жер қойнауының жартастағы суреттері бар, бағзы заманда кен өндірілген және жер қойнауын пайдалану жөніндегі тарихи, археологиялық және этнографиялық маңызы бар басқа да объектілер орналасқан учаскелері.

3 . < * >

Ескерту. 69-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 , 1999.05.11. N 381 Заңдарымен.

70-бап. Жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелерін қорғау мен пайдалану ерекшеліктері

1. Жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелерінде мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің сақталуына қауіп төндіретін кез келген қызметке тыйым салынады.

2. Жер қойнауының экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды учаскелерін қорғау мен пайдалану ерекшеліктері осындай ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әрқайсысы туралы жеке ережемен белгіленеді.

20 тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастры

71-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебі

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебі осы аумақтардың мәртебесі туралы, олардың географиялық жағдайы мен шекаралары

, өңірлерге бөлінуі, осы аумақтарды қорғау мен пайдалану режимдері, олардағы мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сапа және сан өзгерістері туралы мәліметтер жинауды қамтиды.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебін табиғат қорғау мекемелері мен осы аумақтар қарайтын атқарушы органдар есеп құжаттамасының бірыңғай нысандары және оларды толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар бойынша жүргізеді.

72-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры осы аумақтар туралы үнемі жаңартылып отыратын мәліметтер жазылатын ресми құжат болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрының деректері:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға баға беру мен олардың жай-күйіне болжам жасауға;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың дамыту және орналастыру схемаларын жасауға;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға және дауларды шешуге қызмет етеді.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры ақпаратты сақтаудың бір ізге түсірілген нысандарын пайдаланып, табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрымен салғастыру принциптерін сақтаудың бірыңғай ережелері бойынша жүргізіледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрының материалдары жариялануға жатады.

21 тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржыландыру және экономикалық жағынан ынталандыру

73-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржыландыру көздері

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қаржыландыру: бюджет қаражатының;

заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қаражатының;

заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмалдықтарының; заңдарда тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерінің есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 73-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен, 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

74-бап. <*>

Ескерту. 74-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

75-бап. <*>

Ескерту. 75-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

7 6 - б а п . < * >

Ескерту. 76-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен.

77-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ақы төлеп пайдалану

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды заңды және жеке тұлғалардың ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік, рекреациялық және шектелген шаруашылық мақсаттарында пайдалануы ақылы негізде жүзеге асырылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін бюджетке ақы төлеу ставкалары, есептеу тәртібі және төлеу мерзімдері Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

2. Заңды және жеке тұлғаларға ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы үйлер мен ғимараттарды белгіленген тәртіппен және ақылы негізде беруге рұқсат етіледі.

Ескерту. 77-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.

78-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қаражаты

1. Заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қаражаты болуы мүмкін, ол:

ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асырған кезде жеке және заңды тұлғаларға, соның ішінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарға қатысу арқылы ақылы қызмет көрсетуден түскен қаражат;
< * >

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы рәміздерді пайдалануға рұқсат беруден алынатын қаражат;

заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмамалдығы;
заңдарда тыйым салынбаған өзге де көздерден түсетін қаражат;
шектеулі шаруашылық қызметінен алынған қаражат есебінен құралады;

2. Заңды тұлғалар болып табылатын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

қаражатының құралу және пайдаланылу тәртібін Қазақстан Республикасының
Үкіметі анықтайды.

3 . < * >

4 . < * >

Ескерту. 78-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23.
N 151 Заңымен , 2001.12.24. N 276 Заңымен , 2004.05.25. N 553 Заңымен .

79 - б а п . < * >

Ескерту. 79-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.12.24.
N 276 Заңымен .

22 тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау

Ескерту. 22-тараудың атауы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының
2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

80-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылаудың міндеттері мен түрлері

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылау осы
аумақтардың жай-күйін байқауды мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау мен
қалпына келтіру шараларының орындалуын, қолданылып жүрген заңдардың
сақталуын көздейді.

2. Қазақстан Республикасында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында
мемлекеттік және қоғамдық бақылау жүзеге асырылады.

81-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды
өз қүзыреті шегінде:

ерекше қорғалатын аумақтар саласындағы уәкілетті орган;
облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті
өкілді және атқарушы органдары;
қарамағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар өзге де орталық
атқарушы органдар жүргізеді.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында мемлекеттік бақылауды
жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының ерекше
қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес ерекше
қорғалатын аумақтар саласындағы мемлекеттік инспекторлар құқығын иеленеді.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылау
тексерулер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы тексеру - ерекше

қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың осы аумақтардың мемлекеттік табиғи-қорық қорын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауын айқындау мақсатында жасайтын іс-әрекеті.

5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 81-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

82-бап. <*>

Ескерту. 82-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

83-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылауды жүзеге асырушы адамдарды қорғау шаралары

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын адамдар міндетті түрде сақтандырылуға тиіс және қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан немесе мерткікен жағдайда шеккен залалының өтелуіне құқылы.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы бақылауды жүзеге асыратын адамдардың белгіленген тәртіппен арнаулы құралдар мен атылатын қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқығы бар.

23 тарау. Дауларды шешу және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

84-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы дауларды шешу

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы даулар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

85-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

86-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдардың бұзылуынан келтірілген зиянның орнын толтыру

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдарды бұзу салдарынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, табиғат қорғау мекемелерінің мүлкіне зиян келтірген ұйымдар мен жеке тұлғалар зиянның толық көлемінде орнын толтыруға міндетті.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заңдардың бұзылуынан келтірілген зиянның орнын толтыру ерікті түрде немесе белгіленген тәртіппен бекітілген таксаларға және зиянды есептеу әдістемелеріне сәйкес сот шешімі бойынша, ал олар болмаған жағдайда - келтірілген залалдарды ескере отырып, мемлекеттік табиғи-қорық қорын қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындар бойынша жүргізіледі.

24 тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық

87-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормалары негізінде жүзеге асырылады.

Қарамағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, табиғат қорғау мекемелері мен қоғамдық бірлестіктер бар атқарушы органдар қорық ісі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша халықаралық байланыстар орнатып, халықаралық ұйымдармен белгіленген тәртіппен ынтымақтастық жасай алады.

2. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары халықаралық келісімдер мен шарттарға сәйкес халықаралық маңызы бар табиғи резерваттар санатына енгізілуі мүмкін.

88-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының заңдарындағыдан өзгеше нормалар белгіленсе, халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.

Қазақстан Республикасының

Президенті